

2009 жылғы 24 қыркүйектегі № 338 "Ойшілік ауылдық округінде қой-ешкі малдарынан бруцеллез ауруының шығуына байланысты шектеу қою туралы" қаулыға өзгерту енгізу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 14 шілдедегі N 228 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Тарбағатай аудандық Әділет басқармасында 2010 жылғы 20 тамызда N 5-16-98 тіркелді. Күші жойылды - Тарбағатай ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 01 желтоқсандағы N 382 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Тарбағатай ауданы әкімдігінің 2010.12.01 N 382 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі «Ветеринария туралы» № 339 Заңының 10 бабының 2 тармағы 9 тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31 бабының 1 тармағы 18 тармақшасына сәйкес, Тарбағатай ауданының әкімдігі

Қ А У Л Ы **Е Т Е Д І :**

1. 2009 жылғы 24 қыркүйектегі № 338 «Ойшілік ауылдық округінде қой-ешкі малдарынан бруцеллез ауруының шығуына байланысты шектеу қою туралы» қаулыға (нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 5-16-81 нөмірімен тіркелген, 2010 жылғы 1 қаңтардағы № 1 аудандық «Тарбағатай» газетінде жарияланған) келесі өзгерту енгізілсін:

Қаулының кіріспе бөлігіндегі «Қазақстан Республикасының «Ветеринария туралы» 2002 жылғы 10 шілдедегі № 339 Заңының 27 бабына» деген сөйлем «Қазақстан Республикасының «Ветеринария туралы» 2002 жылғы 10 шілдедегі № 339 Заңының 10 бабының 2 тармағы 9 тармақшасына» және «Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 23 қаңтардағы 2001 жылғы № 148 Заңының 37 бабының 1,2 тармағы» деген сөйлем «Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 23 қаңтардағы 2001 жылғы № 148 Заңының 31 бабы 1 тармағының 18 тармақшасына» деп өзгертілсін.

2. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

М.Сапарғалиев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК